


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ / МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО
ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Ы.АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ АРҚАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ / АРКАЛЫКСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТИТУТ
ИМЕНИ И.АЛТЫНСАРИНА



Ғылыми кеңес шешімімен БЕКІТІЛДІ /
УТВЕРЖДЕНО по решению ученого совета
Хаттама / Протокол № 10 «19» 02 2024 ж. / Г.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ / ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА
6В01512 – «Биология және география» / «Биология и география»

Қабылдау жылы / Год приема: 2024

Арқалық, 2024 ж.

Жаратылыстану және ақпараттандыру факультеті

6В01512 – Биология және география білім беру бағдарламасы

ББ түрі: қолданыстағы

Құрастырғандар:

Калкашев С.Г. – биология және география білім беру бағдарламасының жетекшісі, аға оқытушысы

Балыкбаева Г.Ш. – география білім беру бағдарламасының жетекшісі, аға оқытушысы, магистр

Хамитова Қ.К. – биология білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, магистр

Кайбагарова Л.Н. – география мамандығының 3 курс студенті

Қылышбек А.М. – биология және география мамандығының 3 курс студенті

Сарапшылар:


Кемпирова А.С. – Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімі, Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі, педагог-зерттеуші

Жумагулов С.Б. – Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімі, Ы.Алтынсарин атындағы гимназия, педагог-сарапшы

Білім беру бағдарламасы мәжілісінің отырысында ұсынылды

Хаттама № 6 « 05 » 01 20 24 ж.

Білім беру бағдарламасының жетекшісі



Калкашев С.Г.

Факультет кеңесінің мәжілісінде мақұлданды

Хаттама № 6 « 10 » 01 20 24 ж.

Факультет кеңесінің төрағасы



Ескермесұлы Ә.

Институттың академиялық кеңесінде қаралды

Хаттама № 6 « 07 » 02 20 24 ж.

Академиялық кеңес төрайымы



Жумабаева С.Б.

1 ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Бағдарлама циклы: бакалавриат, ҰБШ / СБШ 6 деңгейі

Тағайындалатын дәреже: Бакалавр

Несиелердің жалпы көлемі: 240 академиялық несиелер / 240 ECTS

Оқу мерзімі: 4 жыл

1.1 Жалпы ережелер:

Жоғары білімнің 6B01512 – Биология және география білім беру бағдарламасы ББ типтік оқу жоспары, жоғарғы білім мамандықтарының жіктеуіші (бакалавриат), педагогтың кәсіби стандарты, Еуропалық біліктілік шеңберімен келісілген Дублин дескрипторына сәйкес құрастырылған.

Білім беру бағдарламасына оқуға қабылдау талаптары Қазақстан Республикасының жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асырушы білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік ережелерімен анықталған.

Білім беру бағдарламасына түсуші талапкер Ұлттық біріңғай тест (ҰБТ) тапсырады.

Білім алуын жалғастыру мүмкіндігі - 7M015 «Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша мұғалімдер даярлау» бағытындағы магистратура.

Берілетін дәреже - 6B01512 – Биология және география ББ бойынша білім бакалавры.

1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаты: 6B01512 – Биология және география бакалаврларын дайындау бойынша білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты: қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті заманауи пәндік, коммуникативті, цифрлық құзыреттілігі бар кәсіби білікті биология және география мұғалімдерін даярлау

1.3 Білім беру бағдарламасының міндеті:

- географиялық ғылымдар саласы бойынша кәсіби қызметте қажетті іргелі білімді, іскерлікті және дағдыларды қалыптастыру;
- географиялық білім берудің мақсаттары мен міндеттерін түсінуге құзыретті, кәсіби білікті және жеке жетістіктерге қабілетті мұғалімдерді даярлау;
- инновациялық педагогикалық идеяларды тарататын болашақ география мұғалімдерін тәрбиелеу.

1 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША БАКАЛАВРДЫ ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

2.1 Кәсіби қызмет саласы

6B01512 – Биология және география ББ бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында жүзеге асырады.

2.2 Кәсіби қызмет объектілері

- меншіктік және ведомстволық бағыныштылық түріне тәуелсіз барлық типтегі орта білім беру мекемелеріндегі педагогикалық үрдіс;
- техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарындағы педагогикалық үрдіс.

2.3 Кәсібилік қызметтің функциясы

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- зерттеу;
- әдістемелік;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

3 КҮТІЛЕТІН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелері

«Биология және география ББ-ын сәтті аяқтағаннан кейін түлек:

- ОН1 – География және биология ғылымынның негізгі мәселелерін, болашағын талқылайды, анализ жасайды. Теориялық білім мен түсініктерін кәсіби ортада қолданады, заманауи зерттеулердің нәтижелерін әртүрлі форматта пайдаланады;
- ОН2 – Негізгі биологиялық және географиялық ұғымдарды, заңдылықтар мен құбылыстарды түсінеді, мәліметтерді өңдеудің практикалық дағдыларын игереді, теориялық және тәжірибелік есептік деректерді талдайды, зерттеулерді жоспарлайды;
- ОН3 – Қоғамның әлеуметтік-мәдени құрылымын, Білім саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттерді талдайды, нормативтік-құқықтық актілерді сипаттайды, кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық білімдерін меңгереді, ұлттық тәрбиенің заңдылықтары мен принциптерін ескере отырып экологиялық мәдениетті қолданысқа енгізеді.
- ОН4 – География мен биологияны оқытудың инновациялық әдістерін және оқу процесінде жасанды интелекті меңгеру, АКТ, геоақпараттық жүйелер, цифрлық технологиялармен жұмыс жасау дағдыларын қалыптасады, географиялық және биологиялық тәжірибелердегі зерттеулер нәтижесін кәсіби қызметінде қолданады.
- ОН5 – Оқытудың жана әдістерін, сыни тұрғыда ойлау технологияларын география және биологиялық білімдері дамытуда қолданады, оқу-бағдарламалық құжаттармен жұмыс жасай алады, педагогикалық жұмыстарға сараптама жүргізуді, оқу процесін критериалды жүйемен бағалау қабілеті қалыптасады.
- ОН6 – Оқу және тәрбие процесінде психологиялық-педагогикалық сараптама жүргізеді, рухани мұралар негізінде оқу-тәрбие процесін іске асырады, кәсіби этика принциптерін сақтайды, тұлғааралық мәдениті қалыптасады.
- ОН7 – Қоршаған ортаны қорғаудың жолдарын, экологиясының мәселелерін талқылауды, табиғи ресурстарды биологиялық және географиялық тұрғыдан бағалауды меңгереді. Қоғам мен табиғаттың тұрақты дамуын баға береді.
- ОН8 – Экономикалық-географиялық жағдайды сипаттайды, геоэкономикалық-саяси географияның мәнін, категорияларын, негізгі заңдылықтарын жіктейді, геосаяси процестердің әлеуметтік ортаға әсерін танып біледі.
- ОН9 – Ғылыми жобалық жұмыстарды жүргізеді, білім алушылардың ғылыми әлеуетін арттырады, зерттеушілік қабілеттерін шыңдайды. Қазіргі заманғы география, биология ғылымы саласындағы білімдерді, идеяларды жинақтайды.

4 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

4.1 Білім беру бағдарламасы модульдерінің сипаттамасы

| Модуль атауы | Несие саны | Құрамдас модульдердің атауы (пән, тәжірибе) | Оқу нәтижелері |
|--|------------|---|------------------|
| Қоғамдық пәндер модулі | 56 | Қазақстан тарихы | |
| | | Философия | |
| | | Әлеуметтік-саяси білімдер модулі | |
| | | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | |
| | | Дене шынықтыру | |
| | | Экологиялық мәдениет | ОН 1, ОН3 |
| | | Адал азамат құндылықтары | ОН 1, ОН3 |
| | | Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық | ОН 1, ОН3 |
| | | Қазақ (орыс) тілі | |
| | | Шет тілі | |
| Педагогтың кәсіби даярлығы модулі | 19 | Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы | ОН2, ОН 7 |
| | | Педагогика | ОН4, ОН 6 |
| | | Білім берудегі психология | ОН3, ОН5, ОН 6 |
| | | Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | ОН 6 |
| | | Оқу-танысу тәжірибесі | ОН 6 |
| | | Педагогикалық-психологиялық тәжірибе | ОН 6 |
| Фундаментальды даярлық модулі | 42 | Жалпы Жертану | ОН 1, ОН 2, ОН 7 |
| | | Өсімдіктер және жануарлар биологиясы | ОН 1, ОН 2, ОН 4 |
| | | Картография топография негіздерімен | ОН 1, ОН 2, ОН 4 |
| | | Тіршіліктің химиялық негізі | ОН 1, ОН 2 |
| | | Биохимия | ОН 1, ОН 2 |
| | | Адам анатомиясы және физиология негіздері | ОН 1, ОН 2 |
| | | Дүниежүзінің экономикалық географиясы | ОН 1, ОН 2, ОН 8 |
| | | Оқу тәжірибесі (Жалпы Жертану) | ОН 2 |
| | | Оқу тәжірибесі (Өсімдіктер және жануарлар биологиясы) | ОН 2 |
| Педагогикалық шеберлікті қалыптастыру модулі | 48 | Инклюзивті білім беру | ОН 5 |
| | | Географияны оқыту әдістемесі | ОН 4, ОН 5, ОН 7 |
| | | Биологияны оқыту әдістемесі | ОН 4, ОН 5, ОН 7 |
| | | Педагогикалық шеберлік | ОН 5 |
| | | Білім берудегі цифрлық технологиялар | ОН 4, ОН 5 |

| | | | |
|---|----|--|------------------------|
| | | Педагогикалық тәжірибе | ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 9 |
| | | Өндірістік тәжірибе | ОН 4, ОН 5, ОН 6, ОН 9 |
| Қолданбалы биология және география негіздері модулі | 50 | Геоинформатика және ГАЖ негіздері | ОН 2, ОН 4 |
| | | Микробиология және биотехнология | ОН 1, ОН 2, ОН 9 |
| | | Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы | ОН 1, ОН 2, ОН 9 |
| | | Дүниежүзінің табиғи-территориялық кешендер географиясы | ОН 1, ОН 2, ОН 9 |
| | | Қазақстанның физикалық географиясы | ОН 1, ОН 2 |
| | | Қазақстан топонимикасы | ОН 1, ОН 2 |
| | | Зоология | ОН 1, ОН 2, ОН 4 |
| | | Биогеография | ОН 1, ОН 2, ОН 4 |
| | | Молекулалық биология және генетика | ОН 1, ОН 2, ОН 4 |
| | | Биомолекулярлық механизмдер | ОН 1, ОН 2, ОН 4 |
| | | Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы | ОН 1, ОН 4, ОН 8 |
| | | Қазақстанның рекреациялық география | ОН 1, ОН 4, ОН 8 |
| | | Биофизика және биоинформатика | ОН 1, ОН 4, ОН 8 |
| | | Биомеханика және компьютертік биология | ОН 1, ОН 4, ОН 8 |
| | | Геосаясат | ОН 1, ОН 2, ОН 8 |
| | | Геоэкономика және елтану негіздері | ОН 1, ОН 2, ОН 8 |
| Ғылыми зерттеу әдістемесі модулі | 17 | Ғылыми зерттеу әдістемесі және академиялық жазу | ОН 2, ОН 4, ОН 9 |
| | | Биологиялық эксперименттер және есептер шығару әдістемесі | ОН 2, ОН 4, ОН 9 |
| | | Биологиядан практикалық-зерттеушілік дағдыларды дамыту әдістемесі | ОН 2, ОН 4, ОН 9 |
| | | Биологиялық және географиялық зерттеулер жүргізу әдістемесі | ОН 2, ОН 4, ОН 8, ОН 9 |
| | | Биологиядан және географиядан практикалық дағдыларды дамыту әдістемесі | ОН 2, ОН 4, ОН 8, ОН 9 |
| | | Диплом алды тәжірибе | ОН 2, ОН 9 |
| Қорытынды аттестаттау модулі | 8 | Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру | ОН 1, ОН 9 |

4.2 Білім беру бағдарламасы элективті пәндер каталогы 6B01512 – Биология және география

| № | Пән атаулары | Пәннің қысқаша мазмұны | Кредит саны | Семестр | Пререквизиттер | Постреквизиттер |
|--|--|---|-------------|---------|---|---|
| Жалпы білім беру пәндер циклі Таңдау компоненті | | | | | | |
| 1 | Экологиялық мәдениет | Экологиялық мәдениет курсы экологиялық сауаттылық және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес салауатты, қолайлы қоршаған ортаны қамтамасыз ету үшін экологиялық мәдениеттілікті дамыту жолдарын және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін үйренуге бағытталған. Студенттер қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін сыни тұрғыдан бағалайды, төтенше жағдайларда қорғанудың әдіс тәсілдерін меңгереді, экологиялық мәдениет дамыту үдерісін белсенді ұйымдастырады. | 5 | 4 | Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы | Географияны оқыту әдістемесі |
| 2 | Адал азамат құндылықтары | Студенттердің бойында жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар аясында адал азаматтың құндылықтарын қалыптастырады. Адалдықтың құндылығы мен азаматтық ұстанымды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жүйелі білім арқылы меңгереді. Рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық құқықтық мәдениетке тәрбиелеу контекстінде адал азаматты қоғам ортасында қалыптастыру мәселелері жүйеленеді. Білім алушылардың ішкі тұлғалық мәдениетін нығайту негіздерінің әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, адамгершілік-этикалық аспектілері талданады. | | | Әлеуметтік-саяси білімдер модулі, Педагогикалық кәсіпке кіріспе | Географияны оқыту әдістемесі, Педагогикалық тәжірибе, Өндірістік тәжірибе |
| 3 | Кәсіпкерлік негіздері және қаржылық сауаттылық | Курс қазіргі нарықтық экономика жағдайында табысты кәсіпкерлік қызметке қажетті құзыреттерді дамытуға ықпал етеді. Студенттер оңтайлы экономикалық шешімдер қабылдауды үйренеді, кәсіпкерлік пен қаржының негізгі ұғымдары мен білімдерін меңгереді, қаржылық операцияларды жүргізуге қажетті дағдыларды дамытады. Студенттер қаржы институттарының (банктер, қор нарығы және т.б.) қызметін талдайды, қаржылық-экономикалық | | | Әлеуметтік-саяси білімдер модулі, Педагогикалық кәсіпке кіріспе | Биологияны оқыту әдістемесі, Педагогикалық тәжірибе, Өндірістік тәжірибе |

| | | | | | | |
|--|--|---|---|---|---|--|
| | | құбылыстарды (несие беру, инвестициялау және т.б.) жіктейді. | | | | |
| Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті | | | | | | |
| 1 | Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы | Курс салауатты, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында мектеп жасындағы оқушылардың өсуі мен дамуының физиологиялық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Студенттер балалар мен жасөспірімдердің физиологиялық және гигиеналық ерекшеліктерін, сонымен қатар физиологиялық функциялардың педагогикалық әсерге жауап беру ерекшеліктерін талдайды. Сонымен қатар, курсты оқу барысында студенттер мүшелердің, мүшелер жүйесінің, жалпы организмнің сыртқы ортамен байланысты қызметінің ерекшеліктерін салыстырады. Осыған байланысты студенттер оқу процесін ұтымды етуге, аурудың алдын алуды жүзеге асыруға бағытталған оқушының үйлесімді дамуы мен функционалдық мүмкіндіктерін арттыру әдістерін қолданады. | 3 | 2 | Педагогикалық кәсіпке кіріспе | Педагогика , Педагогикалық психология |
| 2 | Педагогика | Бұл курс педагогикаға ғылым ретінде шолу, оның диалектикалық, қарама-қайшылықты және әдіснамалық ерекшелігін ұсынады. Студенттер дүниетанымды, әлеуметтік және жеке маңызды педагогикалық мәселелерді талдайды, тұтас педагогикалық процестің заңдылықтары мен принциптері туралы сыни тұрғыдан ойластырады. Білім беруді цифрландыру жағдайында педагогика, киберпедагогика, киберкеңістік және кибер әлеуметтендірудегі киберонтологиялық тәсілге ерекше назар аударылатын болады. | 5 | 3 | Педагогикалық кәсіпке кіріспе, Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы | Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі |
| 3 | Білім берудегі психология | Курс білім беру қызметінің психологиясы саласында теориялық білімдерді қалыптастыруға және практикалық біліктерді игеруге бағытталған. Пән білім алушылардың ойын және оқу іс-әрекетінің психологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ мұғалімнің педагогикалық қызметін ашады. Осы курс аясында білім алушылар мектепке дейінгі және орта білім беру мекемелеріндегі оқу кезеңдеріне және әр түрлі жастағы баланың дамуының заңдылықтары мен психологиялық ерекшеліктеріне баса назар аударады. | 3 | 3 | Педагогикалық кәсіпке кіріспе, Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы | Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Педагогикалық-психологиялық тәжірибе |

| | | | | | | |
|---|--|---|---|---|---|--|
| 4 | Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | Бұл курс отбасы, білім беру мекемелері және қоғамдық ұйымдардың әртүрлі контексттерде тәрбие мен тұлғаның дамуының негізгі аспектілерін қамтиды. Студенттер тәрбиенің теориялық негіздерін, тәрбие жұмысының принциптері мен әдістерін, балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық тәсілдерін меңгереді. Өскелең ұрпақтың бойында азаматтық сананы қалыптастыруға, ұлттық сана мен патриотизмді нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде. Курс сонымен қатар педагогикалық әдістемелерді, тәрбиелік ықпал ету әдістерін, тәрбиенің этикалық және құқықтық аспектілерін, балалар мен жастардың әртүрлі санаттарын оқу-тәрбие үдерісі мен қоғамға бейімдеу және интеграциялауды қамтиды. Курс студенттерге заманауи мектептегі сынып жетекшісінің қызметін қайта қарауға мүмкіндік береді. | 4 | 5 | Педагогика | Педагогикалық тәжірибе, Өндірістік тәжірибе |
| 5 | Оқу-танысу тәжірибесі | Оқушылар мектеп жұмысын ұйымдастырудың құрылымымен, негізгі принциптерімен, пән мұғалімінің қызметімен (нормативтік-құқықтық базасы, «Күнделік» электронды журналымен, критерийлерімен, қалыптастырушы және жиынтық бағалауымен, білім беру және жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдістемелік әдебиеттер және т.б.) танысады. Студенттер тәжірибеде алған білімдерін психологиялық-педагогикалық бағыттыңдағы пәндерді оқытуда белсенді қолданады. Олар сынып жетекшісінің қызметін қайта ойластыра алады (жобалау, ұйымдастыру, сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын талдау). | 2 | 2 | Педагогикалық кәсіпке кіріспе, Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы | Педагогикалық-психологиялық тәжірибе, Педагогикалық тәжірибе |
| 6 | Педагогикалық-психологиялық тәжірибе | Студенттер ұжымының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу процедурасын талдайды, олар сабаққа (тәрбиелік іс-шараға) психологиялық-педагогикалық талдау жүргізеді. Сонымен қатар, олар «Социометрия» кабинетін зерттеудің диагностикалық әдістерін және оқушылардың жетістіктерін диагностикалау әдістерін қолдана алады, студенттің жеке басының психологиялық-педагогикалық сипаттамаларын құрайды. | 2 | 4 | Педагогикалық психология, Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы | Педагогикалық тәжірибе, Өндірістік тәжірибе |

| | | | | | | |
|---|--------------------------------------|--|---|---|----------------------------|--|
| 7 | Жалпы Жертану | Курс Жер және табиғат компоненттері жайлы түсінік қалыптастыруға, географиялық қабықтың құрамы, құрылымы, динамикасы, заңдылықтары жайлы білім мен дағдыны дамытуға бағытталған. Студенттер табиғат компоненттерінің өзара байланысын географиялық зерттеу әдістер арқылы талдайды, географиялық қабықтағы табиғи құбылыстарды және үрдістерді сыни тұрғыдан бағалайды, табиғи ортаға танымжорықтар жоспарлайды, метеорологиялық бақылауларды ұйымдастырады. | 8 | 1 | Мектептегі география курсы | Картография топография негіздерімен, Геоморфология |
| 8 | Өсімдіктер және жануарлар биологиясы | Ұсынылған курс өсімдіктер мен жануарлардың мүшелерінің құрылысы, дамуының ерекшеліктерін және систематикасын зерделеуді қарастырады. Микроскоптың көмегімен өсімдік ағзасының морфо-анатомиялық құрылымын зерттеудің практикалық дағдылары студенттерге төменгі және жоғары сатыдағы өсімдіктердің маңызды құрылымдық-функционалдық ерекшеліктерін анықтауға, өсімдіктер топтарына (балдырлар, саңырауқұлақтар, гүлді өсімдіктер және т.б.) таксономиялық зерттеулер жүргізуге пайдалы болады. Микроскоп арқылы жануарлардың сыртқы жамылғысы мен ішкі мүшелерінің құрылымындағы ерекшеліктерді жүйелі түрде зерттейді. Студенттер өсімдіктердің, жануарлардың эволюциялық процестерде дамуын, жекелеген мүшелер құрылымының атқаратын қызметіне тәуелділігін, практикалық және ғылыми-зерттеу қызметінде ботаникалық әдістерді қолдана отырып, өсімдіктер мен жануарлардың жетілу белгілері мен себептерін логикалық түрде түсіндіреді. | 8 | 3 | Мектеп курсы | Адам анатомиясы және физиология негіздері, Оқу тәжірибесі (Өсімдіктер және жануарлар биологиясы) |
| 9 | Картография топография негіздерімен | Курс географиялық карталардың проекциялары, мазмұнының ерекшеліктері, картографиялық жинақтаудың түрлеріне шолу жасап, карталарды құрудың дәстүрлі және қазіргі заманауи әдістерін анықтауға бағытталған. Студенттер топографиялық, ірі және орта масштабты карталардың номенклатурасы және жер бетінде қашықтықтан жүргізілетін түсірулердің түрлеріне, географиялық нысандар мен құбылыстарды кескіндеу ерекшеліктеріне талдау жасайды. Курс | 5 | 2 | Жалпы Жертану | Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы, Оқу тәжірибесі (Картография) |

| | | | | | | |
|----|---|---|---|---|--|---|
| | | студенттерге жергілікті жерде жүргізілетін далалық жоспарлы, және жоспарлы-биіктіктік түсірулердің түрлері қашықтықтан түсіру әдістерінің карталарды құрастырудағы алатын орнын айқындауға көмектеседі. | | | | |
| 10 | Адам анатомиясы және физиология негіздері | Курс адам анатомиясы мен тірі организмдердің тіршілік әрекетінің физиологиялық механизмдерін зерттеуге бағытталған. Студенттер адам ағзасының мүшелер жүйесінің құрылымын сипаттайды, жеке мүшелердің құрылымы, олардың функцияларын орындау арасындағы байланысты талқылайды. Ішкі ортаның тұрақтылығын сақтау механизмдерін, нейрогуморальды реттеуді, тірі организмдердің анаэробты және аэробты тыныс алу, заттардың тасымалдану, бөліп шығару мен қоректену процестерін меңгереді. Физиологиялық тәжірибелерді зерттеу бойынша Гомеостаз, Ас қорыту, тыныс алу процесін меңгереді, Гормондардың қызметі және олардың ағзадағы рөлін анықтайды. Орталық және перифериялық жүйке жүйелерінің қызметтерін біліп, нейрондар мен синапстардың жұмысымен танысады. | 6 | 4 | Өсімдіктер және жануарлар биологиясы | Биологияны оқыту әдістемесі. Эволюциялық ілім |
| 11 | Дүниежүзінің экономикалық географиясы | Курс Дүниежүзінің тұтас, жекелеген аймақтары, жеке елдеріндегі шаруашылық пен халықтың дамуы және орналасу заңдылықтарын зерттеуге бағытталған. Студенттер Дүниежүзілік экономика салаларының сипаттайды, Дүние жүзі шаруашылығы мен халықаралық экономикалық қатынастарын зерделейді, қазіргі демографиялық, этникалық және геэкономикалық мәселелерді локальдық, аймақтық және ғаламдық тұрғыдан талдайды. Курс Халықаралық қатынастар, адамзаттың ғаламдық мәселелері және қоғам мен табиғат арасындағы өзара қатынас мәселесін шешуде қазіргі әлемнің даму сатысын, дүниежүзіндегі ТМД елдері мен Қазақстан Республикасының экономикадағы орнын сипаттауға көмектеседі. | 7 | 6 | Жалпы Жертану, Картография топография негіздерімен | Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы |
| 12 | Оқу тәжірибесі (Жалпы Жертану) | Оқу тәжірибесі кезінде студенттер далалық бақылау жұмысы әдістерін игеріп жер бедері элементтерін табиғи жағдайда болу себептерін анықтайды. Студенттер Жер бедері пішіндерінің қалыптасуында климаттың үгілу процестеріне | 1 | 2 | Жалпы Жертану | Картография топография негіздерімен |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ықпалын, өзен аңғарын, қайраңдарын табиғи жағдайда сипаттайды, тәжірибе ауданының климаттық ерекшеліктерін зерттеп, су нысандары жайлы мәліметтер жинақтап алғашқы тұжырымдар жасау дағдыларын игереді, қоршаған ортамен байланысын, экологиялық ықпалын зерттейді. | | | | |
| 13 | Оқу тәжірибесі (Өсімдіктер және жануарлар биологиясы) | Тәжірибеден өту барысында студенттер алған теориялық білімдерін бекітуге, биологқа қажетті практикалық дағдыларды тереңдетуге және кеңейтуге мүмкіндік алады. Тәжірибе арқылы студенттер өсімдіктерді жинау және гербарий дайындау, далалық материалдарды алу және жүйелі түрде талдау, камералды өңдеу, әр түрлі топтағы өсімдіктер мен жануарларды анықтау және сипаттаудың практикалық дағдылары мен икемділіктері қалыптасады. Өсімдіктер мен жануарлардың биотоптарын зерттеу сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдік мен жануарлар түрлерін қорғау бойынша ұсыныстар жасауға ықпал етеді. | 1 | 4 | Өсімдіктер және жануарлар биологиясы | Ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру және академиялық жазылым, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру |
| 14 | Дипломалды тәжірибе | Білім алушы дипломалды тәжірибеден өту барысында әдістемелік және арнайы пәндер бойынша білімдері тереңдетіледі; теориялық білім білік дағдылары қалыптасады; ғылыми-зерттеу тақырыптары бойынша жұмыс жүргізеді; әдебиеттерден қажетті мағлұматтар жинақтайды; алдын-ала қорғауға мүмкіндік алады. | 2 | 8 | Географияны оқыту әдістемесі, Ғылыми зерттеу әдістемесі және академиялық жазу | Қорытынды аттестация |
| Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті | | | | | | |
| 1 | Тіршіліктің химиялық негізі | Курс студенттерде жасушаның негізгі химиялық компоненттері, ферментативті катализдің, метаболизмнің молекулалық негіздері, биомолекулалардың маңызды түрлер құрылымы мен қасиеттерінің олардың биологиялық қызметтеріне байланыстылығын қарастыратын мәселелердің қазіргі жағдайы туралы дұрыс түсініктерін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, студенттер тіршіліктің молекулалық негіздерін - тұқым қуалаушылық, иммунитет, нейроэндокриндік реттеу және фоторецепция мәселелерін, тіршіліктің пайда болуы мен мәнінің заманауи түсініктерін зерттеуді өз бетінше жүзеге асырады. Курс ғылыми | 6 | 3 | Өсімдіктер және жануарлар биологиясы | Молекулалық биология және генетика. Эволюциялық ілім |

| | | | | | | |
|---|--|---|---|---|--------------------------------------|--|
| | | көзқарасты дамытуға және биотрансформацияның химиялық құбылыстарын тануға ықпал етеді. | | | | |
| | Биохимия | Бұл курста тірі организмдердің химиялық құрамын, сонымен қатар олардың тіршілігінің негізінде жатқан химиялық процестер зерттеледі. Студенттер тірі организмдегі зат алмасуды және жасуша органеллаларының биохимиялық қызметін қисынды түрде сипаттайды, қоректік заттардың өзгеру (трансформация) жолдарын анықтайды. Сонымен қатар, студенттер адамдағы, жануарлардағы және өсімдіктердегі биохимиялық реакциялардың жүру ерекшеліктеріне, мысалы, тіршілік үшін маңызды қосылыстардың биосинтезіне тәжірибе жасайды, көмірсулардың, майлардың, белоктардың және нуклеин қышқылдарының химиялық құрылымын, қасиеттері мен қызметтерін зерттейді. | | | Өсімдіктер және жануарлар биологиясы | Молекулалық биология және генетика, Эволюциялық ілім |
| 2 | Материктер мен мұхиттардың физикалық географиясы | Курс материктер мен материктер табиғатының ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Мұхиттар олардың құрамына кіретін жоғары дәрежелі физика – географиялық аймақтар. Курс негізгі білім мен дағдыларды дамытуға көмектеседі табиғи ортаны ұтымды пайдалану, қоршаған ортаны пайдаланудың қолайсыз салдарымен күресудің аймақтық міндеттерін шешу үшін қажет. Студенттер қоршаған орта, материктер мен мұхиттардың табиғи кешендерінің құрылымын анықтайды, табиғи компоненттердің өзара тәуелділігін сыни тұрғыдан бағалайды | 6 | 4 | Геоморфология | Ландшафттану |
| | Дүниежүзінің табиғи-территориялық кешендер географиясы | Курс дүниежүзінің табиғи-территориялық кешендерінің кеңістіктік жіктелуінің қалыптасу заңдылықтарын зерттеуге бағытталған. Студенттер табиғи-территориялық кешендердің қалыптасуы мен дамуының географиялық ерекшеліктерін бағалайды, кешенді сипаттама қағидаларын зерттеу әдістерін қолданады, физикалық-географиялық аудандастыру принциптерін сараптайды. Курс студенттерге табиғи-территориялық кешендерді планетарлық, аймақтық және жергілікті жерлік деңгейлерде сыни тұрғыдан бағалауға көмектеседі. | | | Жалпы Жертану | Ландшафттану |

| | | | | | | |
|---|------------------------------------|---|---|---|--------------------------------------|---|
| 3 | Қазақстанның физикалық географиясы | Курс Қазақстан территориясының табиғат кешендеріндегі құбылыстар мен үрдістерді, ландшафт бірліктерінің күрделі құрылымдарының физикалық-географиялық ерекшеліктерін қарастыруға арналған. Студенттер Қазақстанның ландшафттардың биіктік белдеулерінің құрылымын анықтайды, аймақтардың орографиялық және гидрографиялық жобасын жасайды, табиғи құбылыстарды және үрдістерді сыни тұрғыдан бағалайды, табиғи ортаға танымжорықтар жоспарлайды, метеорологиялық бақылауларды ұйымдастырады. Курс студенттердің Қазақстан аумағы туралы зерттеулердің деректеріне сүйене отырып, бүгінгі таңдағы табиғаттың болмысын талдап зерттеу үшін қажетті білім мен дағдыларды дамытуға көмектеседі. | 5 | 4 | Картография топография негіздерімен | Ландшафттану, Климатология |
| | Қазақстан топонимикасы | Курс Қазақстан топонимикасы, географиялық атаулардың семантикасы, тарихи даму және ғылым әдістері бағытындағы заманауи түсініктерді қарастырады. Студенттер топонимдерді жіктеу сызбаларын жүйелейді, топонимикалық фактілер мен құбылыстардың алуан түрлілігін, олардың қазіргі әлемдегі рөлін талдайды. Курс студенттерге туған өлкенің топонимикасын зерттеу үшін білімі мен дағдыларын дамытуға көмектеседі. | | | Картография топография негіздерімен | Ландшафттану, Климатология |
| 4 | Зоология | Бұл курс жануарлардың құрылымын, тіршілік әрекетін, олардың қоныстану заңдылықтарын және қоршаған ортамен байланысын зерттеуге бағытталған. Студенттер эволюциялық процестерді, жануарлар әлемінің даму кезеңдерін сыни тұрғыдан сипаттайды, микроскоп арқылы жануарлардың сыртқы жамылғысы мен ішкі мүшелерінің құрылымындағы ерекшеліктерді жүйелі түрде зерттейді. Сонымен қатар, студенттер жануарлардың даму процестері мен тіршілік циклінің сипаттамаларын талдайды, биоценоздар мен табиғи ортадағы жануарлардың рөлін анықтайды. | 5 | 5 | Өсімдіктер және жануарлар биологиясы | Молекулалық биология және генетика Биомолекулярлық механизмдер |
| | Биогеография | Курс аясында студенттер қауымдастықтар құрылымының және жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлар аймақтарының кеңістіктік құрылымы мен динамикасының маңызды заңдылықтарын зерттейді. Студенттер өсімдіктер мен | | | Жалпы Жертану | Педагогикалық шеберлік |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жануарлар топтарын жүйелейді, тірі организмдердің географиялық таралуы мен экологиялық маңыздылығын сыни бағалайды және оларды сипаттайды. Курс студенттерде зоогеографиялық және фитогеографиялық аудандастыру бойынша өз бетінше жұмыстар жүргізу үшін қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. | | | | |
| 5 | Молекулалық биология және генетика | Курс тұқым қуалау ақпаратын сақтау, жүзеге асыру және берудің молекулалық механизмдері, заманауи молекулалық-генетикалық әдістермен танысу мәселелерін қарастырады. Студенттер хромосомалардың құрылысы мен қызметі туралы, генетикалық кодтың қасиеттері туралы заманауи идеяларды сыни тұрғыдан салыстырады, тірі организмдердің геномын бағалайды, ГМ және трансгенді организмдердің қолданылуын логикалық түрде талқылайды. Курс барысында дигибридті шағылыстыру, еселенген аллелизм, жыныспен байланысты белгілердің тұқым қуалауы бойынша генетикалық есептерді шешу дағдылары дамып, және кроссинговер кезіндегі белгілердің тұқым қуалауы қарастырылады. | 7 | 6 | Тіршіліктің химиялық негізі | Өндірістік тәжірибе, Биофизика және биоинформатика |
| | Биомолекулярлық механизмдер | Ұсынылып отырған пән тұқым қуалау ақпараттының жүзеге асырылуының биомолекулярлық механизмдерін, сонымен қатар жасушалардың құрылымы мен қызметтерінің молекулалық негіздерін, өсу, даму, бөліну, ісіктің трансформациясы және жасуша өлімін зерттеуді қамтиды. Курсты меңгеру жасушаның құрылымы мен қызметінің молекулалық негіздерін, қалыпты тіршілік процестерін және көптеген аурулардың пайда болуына әкелетін түсінуге қажетті гендердің экспрессиясын талдауға негіз жасайды. Молекулалық және генетикалық әдістерді қолдану дағдылары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін пайдалы. | | | Биохимия | Биомеханика және компьютерлік биология, Өндірістік тәжірибе |
| 6 | Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық географиясы | Курс Қазақстан Республикасының экономикалық әлеуметтік жағдайы даму тенденциясы географиялық орналасу ерекшелігін зерттеуге бағытталған. Студенттер Қазақстанның экономикалық географиялық жағдайын талдайды, Қазақстанның ресурстары және табиғи жағдайын, халықтың өсу динамикасын, шаруашылығын сипаттайды, адам потенциалының даму индексін сыни тұрғыдан бағалайды, | 6 | 8 | Әлемнің шаруашылық географиясы, Дүниежүзінің экономикалық географиясы | Қорытынды аттестация |

| | | | | | | |
|---|--|--|---|---|--|----------------------|
| | | сандық және сапалық географиялық деректерді өндейді және талдайды. Курс Қазақстанның индустриалды инновациялық даму бағыттарын анықтауға және ғылыми жобалық жұмыстарды әзірлеуге көмектеседі. | | | | |
| | Қазақстанның рекреациялық география | Курста Қазақстанның рекреациялық аймақтар дамуының деңгейі мен шаруашылықтарын қарастырады. Студенттер территориялық рекреациялық жүйенің құрамдас компоненттері (басқару бөлімі, жүйенің инфрақұрылымы, қызмет көрсетушілер, демалушылар) жағдайын сипаттайды, Қазақстанның дүниежүзіндегі халықаралық туризм инфрақұрылымдық қозғалыс саласының даму жолын анықтайды, Қазақстанның рекреациялық аумақты дамытудың әлемдік тәжірибесін сипаттайды. Курс экскурсия және туризм бағытындағы бағдарламаларды жасауға көмектеседі. | | | Қазақстанның физикалық географиясы, Дүниежүзінің табиғи-территориялық кешендер географиясы | Қорытынды аттестация |
| 7 | Биофизика және биоинформатика | Курста биологияның физика және информатикамен пәнаралық интеграциясы қарастырылады, биологиялық жүйелердің физикалық қасиеттерін және биологиялық деректерді талдау әдістерін игереді. Биофизика биологиялық жүйелерді физиканың заңдары мен әдістерін қолдана отырып зерттейді. Биофизиканың негізін; Молекулалық биофизика мен клеткалы биофизика құрылымдарын анықтайды. Биоинформатикалық деректерді талдау және түсіндіруде ақпараттық технологиялар мен есептеу әдістерін меңгереді. Биоинформатикадағы геномдық және протеомдық мәліметтерді талдайды, Гендер мен ақуыздардың функцияларын анықтайды және сипаттайды. Заманауи ЭКО әдісін, эпигенетиканың молекулалық негіздерін және сонымен қатар электромагниттік және дыбыстық толқындардың адам ағзасына әсерін анықтайды. | 5 | 8 | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Адам анатомиясы және физиология негіздері | Қорытынды аттестация |
| | Биомеханика және компьютерлік биология | Ұсынылатын курс адам ағзасындағы биомеханикалық құбылыстарды зерттеуді және биологияда компьютерлік бағдарламалауды қолдануды қамтиды. Курс барысында студенттер жүйелердің механикалық қасиеттерін және биологиялық процестерді модельдеу мен талдауда қолданылатын компьютерлік әдістерді зерттейді. | | | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Тірі ағзалар биологиясы және эволюциясы | Қорытынды аттестация |

| | | | | | | |
|---|---|--|---|---|---|----------------------|
| | | Биомеханикадағы тірі организмдердің қозғалысын, құрылымдық қасиеттерін және механикалық функцияларын игереді. Кинематика және динамика қозғалыс заңдарын, материалдардың механикалық қасиеттерін, қолданбалы биомеханика, медициналық биомеханика әдістерін жобалауды меңгереді. Компьютерлік биология негізінде биологиялық процестерді модельдеуді, талдауды және компьютерлік әдістер мен алгоритмдерді қолдану дағдыларын игереді. | | | | |
| 8 | Геосаясат | Пән геосаяси теорияның негізгі қағидаларын, әдістерін, қазіргі заманғы геосаясаттың ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуын, ғаламдық саяси жағдайдағы геосаясаттың ерекшеліктері туралы білімін қалыптастырады. Білім алушылар геосаясаттағы саяси географияның тұжырымдамасын, мемлекеттің территориялық мәселесі мен шекарасын, табиғи және адам ресурстарын тиімді пайдаланудың түрлері мен мәнін меңгереді. Студенттер әлемдегі саяси оқиғалардың өзгеруін, көптеген елдердің халықаралық, аймақтық мәселелерінің туындау факторларын зерттейді. Отандық және шетел ғалымдардың саяси идеяларын талқылайды. | 5 | 8 | Дүниежүзінің экономикалық географиясы, Әлемнің шаруашылық географиясы | Қорытынды аттестация |
| | Геоэкономика және елтану негіздері | Курс - геоэкономиканың ғылыми теориялары мен тұжырымдамаларын сипаттайды, негізгі ұғымдарын сараптап, геоэкономиялық стратегия және кеңістік, геоэкономикалық зерттеу нысандары туралы білімдерін қалыптастырады. Дүние жүзі елдерінің территориялық аумақ, шекара жағдайын сипаттайды, геосаяси бағытына баға береді. Елдер мен аймақтардың экономикалық дамуын салыстырып анализ жасайды, әлеуметтік-экономика тұрғысынан баға береді. Аймақтар бойынша экспорт және импорт саясатын талқылайды, Елдердің халықаралық ұйымдармен геоэкономикалық байланысын сараптайды. | | | Аймақтық география, Дүниежүзінің экономикалық географиясы | Қорытынды аттестация |
| 9 | Биологиялық эксперименттер және есептер шығару әдістемесі | Курс зерттеудің статистикалық және балама әдістерін қолдана отырып, биологиялық тәжірибе жүргізу ережелеріне сәйкес мектептегі биологиялық тәжірибені қою және молекулалық-генетикалық есептерді шешудің практикалық | 5 | 8 | Өндірістік тәжірибе | Қорытынды аттестация |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|--|---|
| | | дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, студенттер биологиялық экспериментті жүзеге асыру процесін қисынды түрде ұйымдастырады, табиғи нысандарды анықтайды, биологиялық құбылыстарды бақылайды, тіркейді және тәжірибеден өткізеді. Биологиялық есептерге анализ жасайды, биометриялық деректермен жұмыс істейді, математикалық және статистикалық әдістер нәтижелерді талдайды, графикалық өңдеу дағдылары мен икемділіктерін жетілдіруге ықпал етеді. | | | | |
| | Биологиядан практикалық-зерттеушілік дағдыларды дамыту әдістемесі | Бұл курс биология бойынша студенттердің ғылыми-тәжірибелік зерттеулері; Микроскопия, спектрофотометрия, электрофорез және т.б. зерттеу құзыреттілігін дамытуға арналған. Курс студенттердің ғылыми дүниетанымын, гипотезаларды құру және тексеру, Бақылаулар мен мәліметтер жинау әдістерін және тәжірибелік нәтижелерді талдау және интерпретациялау мен дамыту тәсілдерін іске асырады. Студенттер сандық және сапалық зерттеу әдістерін қисынды қолдана отырып, биология бойынша ғылыми жұмыстар мен жобалар жасайды, ал курс соңында студенттер ғылыми жобаларды талаптарға сәйкес дайындайды және ұсынады. | | | Өндірістік тәжірибе | Қорытынды аттестация |
| Кәсіптік пәндер циклі ЖОО компоненті | | | | | | |
| 1 | Инклюзивті білім беру | Бұл курс қазіргі әлемдегі инклюзивті білім беруге шолу жасап ұсынады. Студенттер «инклюзия» ұғымын ажырата алады, арнайы білім беруді реформалау мәселесін аша алады, ұлттық арнайы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихын қарастырады, балаларды интеграциялау модельдерін талдайды және салыстыра алады, мүмкіндігі шектеулі, инклюзивті білім беруді басқарудың құқықтық және этикалық негіздерін түсіндіреді. | 5 | 5 | Педагогика, Педагогикалық-психологиялық тәжірибе | Педагогикалық тәжірибе |
| 2 | Географияны оқыту әдістемесі | Курс географиялық білім берудің мақсаттары мен міндеттерін, құрылымын, мазмұнын меңгеруге бағытталған. Курс студенттердің болашақ география мұғалімі ретінде қалыптасуға қажетті негізгі білім мен дағдыларды дамытуға | 6 | 5 | Педагогика, Білім берудегі менеджмент | Биологиядан және географиядан практикалық дағдыларды дамыту |

| | | | | | | |
|---|-----------------------------|--|---|---|---|---|
| | | көмектеседі. Студенттер географияның мектеп курсы мазмұны бойынша замануи әдіс-тәсілдерді пайдаланып қысқа мерзімді жоспарын жасайды, қалыптастырушы және жиынтық бағалау үшін Блум таксономиясы негізінде бағалау критерийлер мен тапсырмаларын құрастырады, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс жұмыстардың әзірлемесін дайындайды. | | | | әдістемесі, Педагогикалық тәжірибе, өндірістік тәжірибе |
| 3 | Биологияны оқыту әдістемесі | Курс орта білім берудің жанартылған мазмұны шеңберінде биологияны оқыту мен тәрбиелеудің маңызды мәселелерін игеруге бағытталған. Курс барысында студенттер сабақ өткізудің заманауи әдістерін (сыни тұрғыдан ойлау, критериалды бағалау, кіріктірілген оқыту, CLIL-технологиялар және басқалар) меңгереді, биологияны оқыту әдістемесінің теориялық және практикалық негіздерін үйренеді, оқу процесін тиімді ұйымдастыру және басқару дағдылары қалыптасады. Сонымен қатар, курс оқу және сыныптан тыс сабақтарды, экскурсияларды өз бетінше жүргізу және талдау, цифрлық технологиялармен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады. | 6 | 5 | Педагогика, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Жас ерекшелік физиологиясы және қауіпсіздік негіздері | Білім берудегі жаңа технологиялар, Өндірістік тәжірибе, Биология және географияны оқытудағы кибер-технологиялар |
| 4 | Педагогикалық шеберлік | Бұл курс студенттерде қалыптастырады: мұғалімнің кәсіби қызметінің тұтас құрылымы, оның жеке басы туралы; кәсіби-педагогикалық шеберліктің мәні, мазмұны және ерекшелігі туралы; Педагогикалық шеберлік негіздерінің құрылымдық құрамдас бөліктері: педагогикалық қабілеттер, педагогикалық техника және педагогикалық ықпал ету құралдары, театр педагогикасы мен шешендік өнер элементтері туралы білімді. Педагогикалық қызметті педагогикалық және азаматтық сананы дамыту, студенттердің шығармашылық және жеке өсуінің шарты ретінде түсіну және қабылдау. Сондай-ақ, бұл курс мектепке дейінгі және орта білім беру жүйесінде өзінің кәсіби өсуі мен жеке дамуының траекториясын жобалаудың педагогикалық техникасы мен дағдыларын практикалық игеруге ықпал етеді. | 4 | 6 | Географияны оқыту әдістемесі | Өндірістік тәжірибе |
| 5 | Білім берудегі цифрлық | Курс тиімді оқыту мен оқыту үшін сандық әдіснамаларды шығармашылық тұрғыдан дамытуға және қолдануға | 6 | 6 | Ақпараттық-коммуникациялық | Өндірістік тәжірибе, Дипломдық жұмысты |

| | | | | | | |
|---|--|---|----|---|---|--|
| | технологиялар | бағытталған. Студенттер жасанды интеллект дағдыларын игереді, оның ішінде ChatGPT, Open AI, QazGPT цифрлық платформалармен визуализация жасауды меңгереді. Оқу және оқыту платформаларын (Quizizz, PadLet, Google) қолданады.classroom, AR-books), сонымен қатар, "face-to-face", "blended" және "online" оқыту стратегияларын сауатты ұштастырады, төрт кезеңді процеске (жобалау/салу/оқыту/қайта қарау) сәйкес онлайн-курстың мазмұнын ұйымдастырады, құрылымын жобалайды және әзірлейді. Курс студенттерге қолайлы және қауіпсіз оқу ортасын құру үшін онлайн-студенттердің табиғаты туралы түсінік алуға мүмкіндік береді. | | | технологиялар, Биологияны оқыту әдістемесі, Географияны оқыту әдістемесі | (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру |
| 6 | Педагогикалық тәжірибе | Бұл педагогикалық тәжірибе студенттердің пән бойынша оқу, сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Студенттер орта білім берудің мазмұнының талаптарына сәйкес білім беру мекемесіне тиісті құжаттарды рәсімдейді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасайды, заманауи ақпараттық ресурстар мен технологияларды пайдалана отырып дидактикалық материалдарды әзірлейді, пән бойынша қысқа мерзімді жоспар жасап сабақты жүргізуге машықтанады. | 6 | 6 | Географияны оқыту әдістемесі, Инклюзивті білім беру | Өндірістік тәжірибе |
| 7 | Өндірістік тәжірибе | Өндірістік тәжірибе барысында орта білім берудің мазмұны аясында студенттер педагогикалық қызмет дағдыларын игереді, оқу сабақтарын өз бетінше өткізу және талдау бойынша машықтанады. Студент машықтанушы ретінде оқытудың заманауи стратегияларын (сыни ойлау, функционалдық сауаттылық, критериялы бағалау, коллаборативтік оқыту), инновациялық білім беру технологияларын (жеке тұлғаға бағытталған, диалогтық, смарт және оқыту және т.б.) көрсетеді. | 15 | 7 | Географияны оқыту әдістемесі, Инклюзивті білім беру, Педагогикалық тәжірибе | Қорытынды аттестация |
| 8 | Геоинформатика және географиялық ақпараттар жүйесі негіздері | Бұл курс географиялық ақпаратты алу, жинақтау, өңдеу, көрсету қағидаларын, әдістері мен технологияларын жобалауға бағытталған. Студенттер географиялық ақпараттық жүйелерді мақсатына, тақырыптық бағытталуына қарай жіктейді, географиялық деректер базасын жүйелейді, | 6 | 8 | Білім берудегі цифрлық технологиялар | Қорытынды аттестация |

| | | | | | | |
|----|---|---|---|---|--|--|
| | | талдайды, алынған ақпарат пен қорытындыларды әртүрлі графикалық нұсқада көрсетеді, оқу тапсырмаларын шешуде графикалық редактор түрлерін ажыратады, ГАЖ технологиясын меңгеріп геоақпараттық платформалармен жұмыс жүргізіп, геокеңістік сандық жүйенің материалдық мәліметтер базасын құра алады. | | | | |
| 9 | Микробиология және биотехнология | Курс биотехнологиялық процесстермен танысуға, биотехнологияның даму болашағы туралы түсінік қалыптастыруға арналған. Пән бойынша студенттер заманауи молекулалық-генетикалық әдістерді қолдана отырып, микроорганизмдердің морфо-физиологиясын, биохимиясын, генетикасын салыстырады, тірі организмдердің биотехнологиялық өндірістерде қолданылуын қисынды бағалайды. Тірі организмдерді клондау, микроклоналды көбеюге тәжірибе жүргізу, тірі организмдердің жасушалық препараттарын микроскопиялық зерттеу бойынша тәжірибелік дағдылары зерттеу жүргізу үшін пайдалы болады. Курс студенттерге микробтық дақылдардың өсу және даму параметрлерін тексеруге, мәдени және морфологиялық белгілері бойынша микроорганизмдерді дұрыс анықтауға көмектеседі. | 6 | 8 | Биохимия. Биомолекулярлық механизмдер | Қорытынды аттестация |
| 10 | Ғылыми зерттеу әдістемесі және академиялық жазу | Ұсынылып отырған курс студенттердің зерттеу құзіреттілігі мен академиялық сауаттылығын дамытуға бағытталған. Курс студенттерге сапалық және сандық әдістерді қолдана отырып, ғылыми зерттеулерді, оның ішінде білім беру саласындағы зерттеулерді сауатты жүргізуге, ғылыми зерттеу этикасына сәйкес жоба жазуға мүмкіндік береді. Мәліметтерді өңдеу мен талдауды жүзеге асырудың практикалық дағдылары студенттерге зерттеу нәтижелерін әртүрлі академиялық формада (мақала, тезис және т.б.) ұсыну үшін пайдалы. Сонымен қатар, студенттерге іс-әрекеттегі зерттеулер мен жағдайлық зерттеулерді қисынды жүргізуге мүмкіндік беріледі. | 5 | 5 | Қазақ (орыс) тілі | Өндірістік тәжірибе, Биологиялық және географиялық зерттеулер жүргізу әдістемесі, Биологиядан және географиядан практикалық дағдыларды дамыту әдістемесі |

Кәсіптендіру пәндер циклі
Таңдау бойынша компонент

| | | | | | | |
|---|--|--|---|---|---|----------------------|
| 1 | Биологиялық және географиялық зерттеулер жүргізу әдістемесі | Курс географиялық және биологиялық зерттеу әдістерінің теориялық негіздерін тәжірибе жүзінде оқушылардың жоба жұмыстарын жүргізу әдістемелерін дайындауға бағытталған. Студенттер оқушылардың жоба жұмыстарын ұйымдастыруды жоспарлайды, зерттеу нәтижелерін бағалау өлшемдерін құрастырады, ғылыми зерттеу аппаратын жасау жолын күтілетін нәтижелерді болжайды. Осы курсты оқу барысында студенттер оқушылармен жобалық іс-әрекетті жүргізу әдістемесін меңгереді. | 5 | 4 | Ғылыми зерттеу әдістемесі және академиялық жазу | Қорытынды аттестация |
| | Биологиядан және географиядан практикалық дағдыларды дамыту әдістемесі | Курс географиялық және биологиялық ақпараттарды талдаудың практикалық дағдыларын дамытуға арналған. Студенттер географиялық деректерді картографиялық, геоақпараттық, географиялық және биологиялық модельдеу, сандық, аудандастыру, географиялық және биологиялық мониторинг әдістері арқылы өндейді, сонымен қатар географиялық және биологиялық эксперименталды жұмыс түрлері бойынша жобалау жұмыстарын жоспарлайды және жүргізеді, зерттеу нәтижелерінің түрлі формаларын ұсынуға үйренеді. | | | Ғылыми зерттеу әдістемесі және академиялық жазу | Қорытынды аттестация |

**4.3 «6В01512 – БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МОДУЛЬДЕРІ БОЙЫНША
МЕҢГЕРІЛЕТІН НЕСИЕЛЕР КӨЛЕМІНІҢ ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ**

| Оқу курсы | Семестр | Менгеретін модуль / пәндер саны | Оқылатын пәндердің саны | | | Кредит саны | | | | | | | | Саны | |
|-----------|---------|---------------------------------|-------------------------|----|----|---------------|----------------|----------------------|--------------------------------------|------------------------|---------------------|-------------------|----------------|---------|-------|
| | | | МК | ЖК | ТК | Теориялық оқу | Оқу тәжірибесі | Оқу-таным тәжірибесі | Педагогикалық-психологиялық тәжірибе | Педагогикалық тәжірибе | Өндірістік тәжірибе | Қорытынды бақылау | Барлығы кредит | Емтихан | Сынақ |
| 1 | 1 | 6 | 5 | 1 | | 29 | | | | | | | 29 | 6 | 1 |
| | 2 | 9 | 5 | 4 | | 30 | 1 | 2 | | | | | 32 | 7 | 1 |
| 2 | 3 | 5 | 2 | 2 | 1 | 29 | | | | | | | 29 | 5 | 1 |
| | 4 | 8 | 2 | 3 | 3 | 30 | 1 | | 2 | | | | 32 | 6 | 1 |
| 3 | 5 | 6 | | 4 | 1 | 31 | | | | | | | 31 | 6 | |
| | 6 | 5 | | 4 | 1 | 30 | | | | 6 | | | 30 | 4 | |
| 4 | 7 | 1 | | 1 | - | - | | | | | 15 | | 15 | - | |
| | 8 | 8 | | 3 | 4 | 32 | | | | | | 10 | 42 | 7 | |
| Барлығы | | 48 | 14 | 22 | 10 | 211 | 2 | 2 | 2 | 6 | 15 | 10 | 240 | 41 | 4 |

5. ОҚУ НӘТИЖЕСІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Бакалавр даярлауда оқу нәтижелерін бағалау және бақылаудың әр түрлі формалары қолданылады: **ағымдық бақылау** (сұрақ, тестілеу, бақылау жұмыстары, курстық жұмыстарды қорғау, дискуссия, тренинг, коллоквиум), аралық бақылау (оқу пәнінің бөлімдері бойынша тестілеу, емтихан, тәжірибе бойынша есеп қорғау), **қорытынды мемлекеттік аттестация** (диплом жұмысын қорғау, кешенді емтихан).

Бағалау жүйесінің кестесі

| Әріптік жүйе бойынша баға | Балдардың сандық баламасы | Пайыздық мазмұны | Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау | ECTS бойынша баға | Анықтамасы |
|---------------------------|---------------------------|------------------|-------------------------------|-------------------|---|
| A | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы | A | Үздік көрсеткіштер, үздік білім мен дағдылар |
| A- | 3,67 | 90-94 | | | |
| B+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы | B | Жоғары көрсеткіштер, жақсы білім мен дағдылар |
| B | 3,0 | 80-84 | Жақсы | C | Білім және дағды ортадан жоғары көрсеткіштер |
| B- | 2,67 | 75-79 | | | |
| C+ | 2,33 | 70-74 | | | |
| C | 2,0 | 65-69 | Қанағаттанарлық | D | Білім мен дағдылар орташа, елеулі емес қателер бар көрсеткіштер |
| C- | 1,67 | 60-64 | | | |
| D+ | 1,33 | 55-59 | | | |
| D | 1,0 | 50-54 | Қанағаттанарлық | E | Білім мен дағдылар ең төменгі өлшемдерді қанағаттандырады |
| F | 0 | 0-49 | Қанағаттанарлықсыз | FX, F | Білім мен дағдылар ең төменгі өлшемдерді қанағаттандырмайды |

1. ОБЩАЯ ИНФОРМАЦИЯ

Цикл программы: Первый цикл: бакалавриат, 6 уровень НРК / ОРК

Присуждаемая степень: Бакалавр

Общий объем кредитов: 240 академических кредитов / 240 ECTS

Срок обучения 4 года

1.1 Область применения

Образовательная программа 6В01512 – Биология и география высшего образования разработана в соответствии с Типовым учебным планом ОП, классификатором специальностей высшего образования (бакалавриат), профессиональным стандартом педагога, Дублинскими дескрипторами, согласованными с Европейской рамкой квалификаций.

Требования по приему обучающихся на образовательную программу определены Типовыми правилами приема на обучение в организации образования, реализующие профессиональные учебные программы высшего образования РК.

Абитуриенты, поступающие на образовательную программу, сдают Единое национальное тестирование (ЕНТ).

Возможность дальнейшего продолжения обучения – магистратура по направлению 7М015-«Подготовка учителей по естественнонаучным предметам».

Присуждаемая степень: бакалавр образования по ОП 6В01512 – Биология и география

1.2 Цели образовательной программы

